

Рухани құндылықтардың аясын кеңейту

М.Әуезов атындағы ОҚУ Ақпараттық білім беру орталығының негізгі міндеттерінің бірі – университетте білім беруді жаңаша жетілдіру жағдайында оқу-тәрбие процесінде сапалы білім беру қызметтерін көрсетуге ыңғайлы ықпал ететін ақпараттық ортаны құру және университеттің ғылыми ізденіс қызметін қамтамасыз ету болып табылады.



АББО – оқу процесін ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, ғылыми басылымдармен (монографиялар, авторефераттар, диссертациялар, ғылыми журналдар) қамтамасыз ететін, баспа кітап қоры мен мерзімді басылымдары, CD электронды оқулықтары және дерекқорлары бар – электрондық кітапхана қоры бар. Кез келген модульмен жұмыс локальды есептегіш жүйесі, сонымен бірге ғаламтор желісі арқылы да жұмыс атқарады. ЖББ ақпараттық қызмет көрсетуді цифрландыру жағдайында, кітапхана сайты – <http://lib.ukgu.kz> – пайдаланушыларға қажетті қызметтер жиынтығын ұсынады.

Студенттерге, магистранттар мен докторанттарға және ғалымдарға ақпарат беру үшін университет қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәліметтер базасына жазылады. Олар:

отандық толықмәтінді «Эпиграф», «Aknurpress» цифрлы кітапханасы, «PMЭБ» мәлімет базаларын; шетелдік толықмәтінді «SpringerLink», «Scopus», «Polnpred», «Thomson Reuters», «ScienceDirect», «eLibrary», «Clarivate Web of Science», «ProQuest», «EBSCO», «Эпиграф», ашық жарияланымды ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Адам құқықтары жөніндегі цифрлық кітапхана», «3аң», «PMЭБ», «Әдебиет», «Aknurpress» цифрлық кітапхана, «Smart-kitap», «Open.kz» – Қазақстанның ашық университеті, «Kitap.kz» және тағы да басқа халықаралық және республикалық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктері бар.

2021 жылдың наурызында әлемнің жетекші басылымдары Academic Complete ғылыми электронды кітаптардың ең үлкен жинағына кіруге рұқсат етілген

ProQuest Ebook Central™ платформасында 38 мың атаудағы техникалық әдебиеттер жиынтығына қол жеткізілді.

АББО веб-сайты – <http://lib.ukgu.kz>. Қызметтері: веб контентті басқару; нұсқаулықтарды құрастыру; кітапханашыдан сұра; онлайн тіркелу резервтеу қызметі; онлайн іс-шаралар; анықтамаларды өтініштерді басқару; 24/7 қашықтан қолдану; жиі қойылатын сұрақтар айдары; автоматтандырылған статистика; интерактивті жүйе; виджеттер және гаджеттер. Кітапхананың толық мәтінді ғылыми және білім беру ресурстарына тәулік бойы, кез келген мобильді құрылғыларда <http://ef.ukgu.kz> сілтемесі бойынша, <http://lib.ukgu.kz> кітапхана сайтында, қашықтан оқыту порталына <http://www.sdo.ukgu.kz> қол жеткізе алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде ұлты-

мыздың оқуға құштарлығын арттыру үшін тиісті шараларды қабылдауды тапсырды, осы берген тапсырмасына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын қолға алды. Сондықтан бүгінгі таңда жастардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды және жастарды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасының үлесі маңызды болмақ. Кітап оқу – білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. Осы жоба аясында біздің жоғары оқу орнындағы ақпараттық білім беру орталығы оқуды насихат-

тауға бағытталған іс-шараларды қолға алып, жүргізуде.

Оқуды насихаттауға бағытталған іс-шаралар: «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап», Кітап күні «Менің сүйікті кітабым». Оқуға құштарлықты арттыру мақсатында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы. Оқуды дамытуға бағытталған «Bookcrossing», «Барлығы оқуға тиіс 10 кітап» және т.б.

BookDating (өзіңмен сүйікті кітабыңды ал) – түрлі тақырыптағы және бағыттағы кітаптарды талқылау бойынша тиімді, заманауи және зияткерлік алаң ұйымдастырылады. Іс-шараға әр түрлі факультеттердің студенттері, «Ақиқат» және «Достық» жастар клубының белсенділері, оқытушылар қатысады. Былтыр кітап оқуды насихаттау мақсатында университет басшылығының қолдауымен «Барлығы оқуға тиіс 10 кітап» жобасы аясында көркем әдебиет алынады. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» ұсынылған. Қорытындылай келе, цифрландыру дәуірінде кітапханалардың алатын орны ерекше. Кітапхана ақпараттарды жинап, сақтаушы орын ғана емес, өз бетінше білім алуға, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрететін, ізденіс әрекеттерін, ғылыми-зерттеу қызметін дамыта отырып, сауатты пайдаланушыны қалыптастыратын мекеме.

Индира САУРБАЕВА,
АББО директоры